e-mail: kostanaytany@mail.ru www.kostanaytany.kz

Қостанай таңы

Облыстық газет 1922 ж. 25 маусымнан шыға бастады

6 маусым 2018 ж. сәрсенбі №64 (18712)

ЖАСТАР ІСІ



Бизнес дода дәстүрге айналмақ

Сымбат СМАҒҰЛ

Қостанай ауылшаруашылық колледжінде «Мамандықтар әлемі» атты бизнес-жобалар мен стартаптар байқауы өтті. Техникалық және кәсіптік білім беру орындарында оқитын жастардың бағын сынаған бұл жарыс өңірімізде алғаш рет өткізіліп отыр. Сайыстың бір ерекшелігі – оған тек облысымыздағы колледж студенттері қатысты. «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Саналы азамат» бағыты бойынша өткен сайыстың ұйымдастырушысы – облыс әкімдігінің білім басқармасы мен «ЭкоЭтноЭра» қоғамдық бірлестігі. Облысымыздың 10 колледжі қатысқан конкурс екі кезеңнен тұрды. Бір айта кетерлігі, жарыстың алғашқы айналымы наурыз айында сырттай өткізіліп қойған. Онда студенттерге өз мамандықтарының қазіргі заманғы ерекшеліктеріне тоқталу ұсынылған. Ал, екінші кезеңде оларға инновациялық технологиялар арқылы жұмыс жасайтын бизнес-жобаларын таныстыруға мүмкіндік берілді.

Сайыс қорытындысы бойынша бас жүлдені М.Дулатов атындағы ҚИнЭУ-нің техника-экономикалық колледжінің студенттері иеленді. Олар қазылар алқасына «Табиғи жүннен кілем тоқу өнеркәсібі» атты бағдарламаларын ұсынды. Бұл жобаның ерекшелігі – өңіріміздегі ұлттық нақышта кілем тоқитын тұңғыш кәсіпорын ашуды көздеуінде. Кілем өндірісінің қыр-сырын жіті зерттеген студенттер бұл іске ақ жаулықты аналарды тартуды көздейді. Олар осылайша, дәстүрлі қазақы кілем тоқу өнерін меңгерген егде жастағы кісілерге де жұмыс орындарын ұсынатындықтарын айтады.

4-бет.

Суретті түсірген Б.КӨРКЕМБАЕВ.

Баспасөз – 2018

«Қостанай таңы» – сенің газетің!

Оған 2018 жылдың екінші жартысына жазылу жүріп жатыр

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады.

«Қостанай таңы» газетіне жазылу бағасы:

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:

6 айға – 3200 теңге.

– жеке оқырмандарға:

6 айға – 2400 теңге.

– Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:

6 айға – 2250 теңге.

Қостанай, Арқалық, Рудный, Лисаков қалалары бойынша газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін – 54613.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54614.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54615.

Селолық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

– жеке оқырмандар үшін –54683.

– зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін – 54684.

– кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін – 54685.

«Қостанай таңы» газетіне

«Қазпошта» бөлімшелерінде және аймақтық «Костанайские новости» газеті редакциясының баспасөз тарату қызметінде жазыла аласыздар.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ – 90

Адамзаттың Айтматовына арналған конференция



Мамыр айының соңғы аптасында Бішкекте Шыңғыс Айтматовқа арналған конференция болды. Мемлекеттік Патенттік қызмет, интелектуалдық меншік және иновациялар ұжымы ұйымдастырған айтары анық, бояуы қанық жиынның тізгінін ұстаған Қырғызстанның аса көрнекті ақыны, белгілі қоғам қайраткері Мархабай Ааматов кіріспе сөзінде ұлы суреткер Шыңғыс Айтматовтың мерейтойы басталғанын, ұлы той күзде өтетінін айта келіп, алғашқы сөзді бас баяндамашы, әйгілі айтматовтанушы, академик Абдылдажан Ахматалиевке берді. Сонау бозбала кезінен бастап бүкіл саналы өмірін Айтматов шығармаларын зерттеуге арнаған ол әлемдік мәдениетке Айтматов салған мол олжа жайлы толымды ой толғады.

Қырғызстанның халық жазушылары Төлеген Мамиев, Мелс Акбаров, мемлекеттік Патенттік-техникалық кітапхананың директоры Айнұр Кенжебаева Шыңғыс Айтматов шығармашылығының Орта Азия республика қаламгерлеріне тигізген оң әсері жайлы әңгімеледі.

Осы алқалы жиынға Қырғыз қаламгерлерінің арнайы шақыруымен Алматыдан ат арытып келген сұңғыла суреткер, мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәбит Досанов былай деді: "Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматовтың өмірінде Қазақстанның алатын орыны аса зор әрі өте маңызды. Оның талантын бірінші болып таныған ұлы Мұқаң – Мұхтар Әуезов 34 жастағы Айтматовтың Лениндік сыйлықтың лауреаты атағын алуына бірден бір себепші, қамқоршы болды. Шыңғыстың "Жәмиласы" да ең алғаш Қазақстанда, "Ленинші жас" газетінде жарияланды, көрнекті әдебиетші Қалжан Нұрмахановтың аудармасымен. Шыңғыс Төреқұлұлына "Адамзаттың Айтматовы" деп алғаш атаған да, алғаш жазған да қазақ қаламгерлері. Соданда оның шығармаларындағы оқиғалар қазақ жерінде өтуі Шыңғыс ағаның уақытының көбіне Алматыда өткізуі, қазақ қаламгерлерімен достық қатынаста болуы заңды. Менің 25 жасымда жазып, 27 жасымда жарық көрген "Ақ аруана" повесімді оқып, сүйсінген Шыңғыс аға мені Олжас Сүлейменов арқылы тауып, одақтың сол кездегі бірінші хатшысы Әнуар Әлімжанов арқылы шақырып, танысып, табысқаны менің өмірімдегі сірәда естен кетпейтін сәулелі сәттердің бірі. Кейін Шыңғыс аға: "Сәбитжан, ты много сделал для развития казахской литературы. Тебя читают и любят родные тебе люди... А это много значит" деп жазды.

Айтматов мерейтойы басталды. Енді ол той әлемнің барлық елінде жалғаса бермек.

ДЕРЕК

Ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы

2018 жылғы мамырда Қостанай облысы бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы 24362 теңгені құрады.

Қостанай облысы бойынша ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы негізгі тамақ өнімдерін тұтынудың ең төменгі нормаларынан есептелген орта есеппен халықтың жан басына шаққанда 2018 жылғы мамырда өткен аймен салыстырғанда өзгерген жоқ, 2017 жылғы желтоқсанмен – 3,9% жоғарылады және 24362 теңгені құрады (тамақ өнімдері – 13399 теңге, азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтер – 10963 теңге).

Оның құрылымында ет пен балықты сатып алуға сатып алуға жұмсалған шығыстардың үлесі 18,9%, сүт, май өнімдері және жұмыртқа – 15,2%, жемістер мен көкөністерді – 10,9%, нан және жарма өнімдері – 7,7%, қант, шай және дәмдеуіштер – 2,3% құрады.

ҚОЛЖЕТІМДІ БАСПАНА

Тұрғын үй салу тоқтамайды

Әлібек ЫБЫРАЙ

Үстіміздегі жылы облыста 290,9 мың шаршы метр тұрғын үй бой көтереді. Тұрғын үй тұрғызу көрсеткіші бойынша біздің облыс республикада сегізінші орында тұр. Бүгінге дейін 563 пәтер және 172 жеке тұрғын үй пайдалануға берілген.

Бұл туралы облыс әкімдігінде өткен селекторлық жиында облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк мәлімдеді.

– Биыл "Нұрлы жер" бағдарламасы бойынша 290,9 мың шаршы метр тұрғын үй салынады. Өткен жылы 264,7 мың шаршы метр аумаққа тұрғын үй тұрғызылған еді. Инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымға барлық қаржы көздерінен 7,7 млрд теңге қарастырып отырмыз. Тұрғын үй құрылысына мемлекеттік облигация есебінен 12,8 млрд теңге бөлінді. Жақында бұл қаржының 1,2 млрд теңгесін алдық. Қалған ақша ҚР инвестициялар және даму министрлігімен келісіліп беріледі. Сонымен қатар, екінші жартыжылдықта "Байтерек Девелопмент" АҚ тұрғын үй құрылысына 8,3 млрд теңге бағыттайды. Аталған қаражат 18 кредиттік үй мен тағы 25 жаңа тұрғын үйдің құрылысына жұмсалады. Үйлер 2019 жылы тапсырылады, – деді облыс әкімінің орынбасары Сергей Карплюк өз бастамасын.

Оның сөзінше, 2018 жылы құрылысы былтыр басталған 309 пәтерлі 5 жалдамалы үйдің құрылысы биыл аяқталады. Жалпы, осы жылы 3021 пәтер өз иелерін табады. "Тұрғын үй құрылысы жұмыстары қарқын алғанымен, пәтер кезегіне тұрғандардың саны азаймай тұр. Үстіміздегі жылдың 1 маусымына сәйкес, облыста 25 мың адам үй кезегінде тұр. Оның 15 мыңға жуығы халықтың әлеуметтік әлсіз тобы. Сол себепті, аудандардағы ескі ғимараттарды қалыпқа келтіру жұмыстарын қолға алдық. Нәтижесінде, облыстың 3 қаласы мен 10 ауданындағы 31 нысанды тұрғын үйге айналдыруға мүмкіндік бар", – деді ол. Егер бұл нысандарды қалпына келтірсе, үй кезегінде тұрғандарға жалға беруге болады. "Қазір Қарабалық пен Денисов аудандарында жобалық-құндық құжаттарды әзірлеуге қатысты конкурстық шаралар жүргізіліп жатыр. Мүмкін, ЖҚҚ әзірлеуге арнайы кесте құру керек шығар. Бұл біртіндеп жалға берілетін үй құрылысының мәселесін шешер еді, – деді облыс әкімінің орынбасары.

– Бұл тиімді бағыт. Аудандарда тұрғын үй құрылысы онсызда қарқынды жүріп жатқан жоқ. Сондықтан, бұл мәселеде "бір оқпен екі қоянды атып алуға болады". Біріншіден, жаңа баспаналар пайда болады, сосын, аудандардың сыртқы келбетіне әр кірер еді, – деді өңір басшысы.

Облыс "7-20-25" мемлекеттік бағдарламасын іске асыруға әзір. 2021 жылға дейін өңірде 1,3 млн шаршы метр аумаққа тұрғын үй салыну жоспарланды. Былайша айтқанда, жылына 3,5-4,5 мың пәтер қолданысқа беріледі. "7-20-25" бағдарламасы бойынша алдағы төрт жылда 15 мың отбасын баспанамен қамтамасыз ете аламыз. Оның 10 мыңы Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің салымшылары. Ұлттық банктің облыстық филиалы таратқан мәлімет бойынша, қазіргі күні 100-ден астам тұрғын "7-20-25" бағдарламасымен үй алуға ниетті. "Жалпы, біз жаңа бағдарламаны іске асыруға дайынбыз", – дейді облыс әкімінің орынбасары. Облыс әкімі Архимед Мұхамбетов тұрғын үй шаршы метрінің бағасын қалыпта ұстауды тапсырды.

– Науырзым ауданындағы Қарамеңді, Торғай селосындағы бос тұрған үйлерді көрдім. Неге соларды кәсіпкерлер есебінен қолданысқа бермеске? Және оның сапасына көңіл аудару қажет. Әлгі аудандардағы үйлердің әр шаршы метрі үшін төленетін қаржы облыс орталығындағымен бірдей болып кетпесін. Осыны баса назарға ұстаңыздар. Мұнымен қоса, сол өңірлердің сәнін келтіріп тұрған ескі ғимараттар жетерлік. Соларды да тиімді іске жарату керек. Әкімдерге осы мәселені қатаң тапсырамын, – деді Архимед Мұхамбетов. – Баспана мәселесін шешуде түрлі мүмкіндіктерді қарастырған жөн. Мәселен, өткен жылы бос тұрған нысандарды тексерілді. Оларды жөндеп, жасқаса, тұрғын үй ретінде пайдалануға әбден болады.

Суретті түсірген Бердіболат КӨРКЕМБАЕВ.

ЖАСТАР ІСІ

"ECO FEST" фестивалі өтті

Қуаныш ЕСҚАБЫЛ

Дүниежүзілік қоршаған ортаны қорғау күніне орай Рудныйдың "Достық" саябағында "ECO FEST" фестивалі өтті. Шараны "Жастар" қоғамдық бірлестігі "ССКӨБ" АҚ Экология және жер қойнауын пайдалану департаментінің қаржылай қолдауымен ұйымдастырды. Біздің аймағымыз үшін ерекше жобаның аясында қала тұрғындары мен қонақтары экоөнімдер жәрмеңкесі мен интерактивті концерттік бағдарламасын тамашалап, "Тамақтану туралы не білеміз?" викторинасына қатысты. Ал кішкентай балалар болса, табиғат-ананы қорғау тақырыбында кеспетасқа сурет салу конкурсында бақтарын сынады.

Дәстүрлі фестивальдің биылғы басты жаңалығы велошеру болды. Оған қатысқан 76 үміткер "Пластикалық пакеттерге – ЖОҚ!" ұранымен "Шаңырақ" дүкенінен саябаққа дейін велосипедпен жүріп өтті.

Мерекенің ең жарқын, әрі қызықты сәті – экологиялық үгіт-насихат бригадаларының сайысында оқушылар әдемі сахналық қойылымдар көрсетіп, көрермендердің зор ықыласына бөленді. Оның нәтижесі бойынша бірінші орынды және басты сыйлық – "Танымдық экология және энергияны үнемдеу орталығы" арнайы сыныбын орнату сертификатын №19 мектептің командасы жеңіп алды. Айта кетейік, дәл осындай сертификатты өткен жылы №7 гимназия-мектебі иеленген болатын. Бүгінде білім ордасында жасақталған арнайы сынып оқушылардың қоршаған ортаға деген көзқарасын өзгертіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға қызмет етіп келе жатыр.

Фестивальдің аясында Рудныйдың экологиялық қозғалысына зор үлес қосқан бірнеше қала тұрғынына "Эко іс" аталымы берілді. Осы аталымдағы бас жүлде – велосипед Вероника Қадырменоваға бұйырды. Дәл осындай сыйлық кездейсоқ сандар генераторы арқылы таңдап алынған велошеру қатысушысы, №15 орта мектептің оқушысы Нұршат Бердібаевқа және экороликтер конкурсының жеңімпаздары №4 лицейдің оқушыларына табысталды.

Салтанатты шарада қала құраушы кәсіпорынның Кен дайындау және байыту фабрикасы, Жылжымалы құрамды жөндеу басқармасы және Металилектеу зауытының ұжымы да бөлімаралық экологиялық конкурста жеңіске жеткені үшін алғыс хатпен және қомақты ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Қызмет сапаты сараланды

5 ПРЕЗИДЕНТТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

Қыдырбек ҚИЫСХАНҰЛЫ

Биыл ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Қостанай облысы бойынша Департаментінің жиын-басқосу, түрлі сипаттағы шараларды өткізіп, оған тілшілер қауымын жұмылдыру жағынан дәурені жүріп тұр. Басқасын айтпағанда, жыл басынан бері аталған ведомство басшылығының журналистерді жинап, екі рет брифинг өткізгеніне куә болдық. Алғашқысын 2018 жылы басталған бетте аталған Департамент басшысының орынбасары Ерлан Салықбаев өткізсе, енді міне, жазға аяқ басқан тұста әріптесі Асхат Ескендіров көпке сауын айтып шақырып отыр. Бұл жолғы басқосу «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру» мән-мәтінінде «Қостанай облысы мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік әдеп-қағидаларын ұсыну» тақырыбына арналды.

ӘДЕПСІЗДІКТІ ЖӨНГЕ САЛАТЫН – ӘДЕП КЕҢЕСІ

Қазақстанда мемқызметшілер арасында дөрекілік ең жиі болатын өрескелдік саналады, өткен жылы 670 бұзушылық тіркелсе, оның 105-сі дәл осы әдепсіздікке тиесілі. Біздің облысымызда да бұл жағдай мәз емес. Жыл басынан бергі 4 айда Департаментке мемлекеттік қызметшілердің әдепсіздігі туралы 9 шағым жасалған болса, оның алтауы қызметтестерден келіп түскен. Яғни, бағыныштының басшыдан, әріптестің әріптестен көрген құқайы мен дөрекелігі сөз болып отыр. «Темір болсаң – жаның шоқ, балға, төске түсерсің» демекші, мемлекеттік қызметкер атына тән емес қылығы барларды тезге салатын, керек десеңіз, орынтағынан аударып та жіберетін Әдеп кеңесі бар. «Бурылша атқа бұғау бар, бас бермеске тұсау бар», бұл жолы да аталған кеңестің кәріне іліккен мамандар жетерлік.

– Биыл Әдеп кеңесі мемлекеттік қызметшілер әдебінің бұзылуына қатысты 4 тәртіптік іс (Сегізбаев, Әлімжанов, Әбішев, Сағынбек) қарады. Мәселен, Қостанай ауданының Шишкин селолық аймағының бас маманы С.Асқаров әдеп кодексі талабын бұзды деп округ әкімі М.Сегізбаевтың дөрекі қылығына қатысты шағым жасады. Қозғалған тәртіптік істің қорытындысы бойынша Әдеп кеңесінің шешімімен Сегізбаев қызметінен босатылды. Айта кету керек, Әдеп кеңесі қараған тәртіптік істердің саны өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда, екі есеге азайып отыр. Мұны алдын ала жүргізілген тиісті жұмыстардың нәтижесі деуге болады. Департамент өз кезегінде әдеп саласына қатысты 14 мың адамды қамтыған 292 шара өткізді, – деп А.Ескендіров еңсесін бір көтеріп қойды.

Әдеп кеңесі талқыға салатын мәселенің 70% – мемлекеттік қызмет заңнамасының бұзылуы мен жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың алдын алуға бағытталған. Атап айтқанда, қызметтік көлікке жанар-жағармайды ысыраппен жұмсау, іссапар шығындарын қайтару, мемлекеттік қызмет көрсету, қызметтегілерді оқытуды жүзеге асыру, қызметкерлерді басы артық жұмысқа жегу және жемқорлыққа қарсы мониторинг күн тәртібінен түскен емес.

– Департаментке азаматтардан түсетін шағымдардың көбі лауазымды қызметкерлердің заңды белшеден басу немесе әрекетсіздігін құрайды – 103 шағымның 42-сі осы салаға тиесілі. Тиісті шараларды қолға алғанның арқасында биылғы жылдың бірінші тоқсанында нәтижелі орындалған шағымдардың саны өткен жылғыға қарағанда екі есеге артты – 45 (2017 жылғы осы мерзім – 23), – деді орынбасар.

Бұған қоса, өз құқығы мен заңды мүддесін қорғау туралы шағымданған мемлекеттік қызметшілердің алтауының арызы қанағаттандырылыпты.

ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАДЫ

Департамент өз кезегінде жалпы сомасы 270,5 мың теңге болатын 27 әкімшілік іс қозғаған. Жазаға тартылғандар арасында облыстық аумақтық орман шаруашылығы және жануарлар инспекциясы конкурстық комиссиясының 5 мүшесі бар. Олар мемлекеттік бос қызмет орнына маман іріктеу кезінде заңнама талаптарын бұзған. Комиссия мүшесінің әрқайсысынан 18 мың теңгеден айыппұл алыныпты.

– Жыл басынан бергі төрт айда 28 тексеру жүргізілсе, оның 25-і жоспардан тыс өтті. Қорытынды бойынша 34 тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Оның ішінде автокөлікті мақсатсыз пайдалану, тәртіптік өндіріп алу ережесін бұзу, мемлекеттік бос қызмет орнына маман іріктеу кезінде заңнама талаптарын бұзу, қызметтік міндетін тиісті орындамау, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы заңнама нормаларын бұзу деректері бар, – деді А.Ескендіров.

БАСЫН АШЫП АЛАЙЫҚ

Мемлекеттік қызметке қабылданатын маман үшін мемлекеттік тіл – қазақ тілін білу шарт па, жоқ па, осы жағы бізге жұмбақ болғалы тұр. Бұлай дейтініміз, жоғарыда айтқанымыздай, қаңтар айында өткен брифингте Е.Салықбаевтың өзі бастан-аяқ ресми тілде сөйлеп шықса да, мемлекеттік қызметке қабылданарда қазақ тілін білу негізгі талаптың бірі деген болатын. Ал бүгінгі баяндамашымыз А.Ескендіров мүлде жоққа шығарып:

– Біріншіден, негізгі талап, бұл квалификациялық талаптарға сәйкес болу. Оның ішінде қазақ тілі тек ұсыныс ретінде. Бұл негізгі талап емес, – деді.

МАҚАЛА ӘЗІРЛЕНІП ЖАТҚАНДА

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің төрағасының бұйрығымен Салауат Мүксімов Агенттіктің Қостанай облысы бойынша Департаменті басшысы болып тағайындалды. Ол 1980 жылы Атырау облысында дүнеиеге келген. Қазақ мемлекеттік заң академиясын заңгер мамандығы бойынша бітірген. ҚР Президенті жанындағы мемлекеттік басқару академиясының түлегі, мемлекеттік және жергілікті басқару саласы бойынша PhD докторы.

Еңбек жолын Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінен бастап, әр жылдары ҚР Парламенті Сенатында, Солтүстік Қазақстан облысының ішкі саясат басқармасы басшысы, Агенттіктің орталық аппаратының департамент директоры қатарлы қызметтерді атқарып келген.

Қос орынбасар Е.Салықбаев пен А.Ескендіров сөйлемеген ана тілімізді жаңа басшы Салауат Мүксімов бұдан былай қаншалықты деңгейде көтеретінін уақыт көрсетеді.

ДЕНСАУЛЫҚ

Менингит тіркелген жоқ

Қарлығаш ОСПАНОВА

Жыл басынан бері еліміз бойынша біраз адамның өмірін жалмап үлгерген менингит дерті қостанайлықтарды да алаңдатып отырғаны рас. Осыған орай, кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық қоғамдық денсаулықты сақтау департаменті басшысының орынбасары В.Нечитайло мен департаменттің инфекциялық және паразиттік ауруларды эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің басшысы Г.Досымова жергілікті БАҚ өкілдеріне өңірдегі эпиджағдай туралы айтып берді.

Республикалық басылымдардағы ақпарат көздеріне сүйенсек, жыл басынан бері елімізде менингит инфекциясымен 58 науқас тіркеліп, 13 адам көз жұмған. Ал, қостанайлық мамандардың айтуынша, өңірде ағымдағы жылдың 5 айында менингит дерті тіркелген жоқ. Дегенмен, «ауру тіркелген жоқ» деп арқаны кеңге салуға болмайды. Сондықтан, мамандар сақтық шараларын күшейтуді қолға алған. Бүгінде өзге өңірлерді жайлаған дертке байланысты облыста арнайы штаб та құрылған.

– Өткен жылдармен салыстырып айтар болсақ, облыста 2015 жылы 3 жағдай, 2017 жылы 2 жағдай тіркелген болатын. Ал, 2016 жылы және биылғы жылдың 5 айында ауру тіркелген жоқ. Дегенмен, аурудың алдын алу мақсатында сақтық шаралары қолға алынды. Біздің мамандар ұйымдар мен мекемелерге барып кездесулер өткізіп, ата-аналарға, тұрғындарға ауру жайлы, одан сақтану жолдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Облыстық білім басқармасымен де бірігіп арнайы жоспар бекітілді. Қазір сол жоспар бойынша да жұмыстар жүргізіп жатырмыз, – дейді В.Нечитайло.

Жоғары температура, бастың жиі ауруы, құсу, денедегі қызыл бөртпелер. Егер осындай белгілер байқалса, әдеттегі жұқпалы аурулардың бірі деп бейжай қарауға болмайды. Себебі, менингококк жұқпасы болуы әбден мүмкін. Сондықтан, мамандар салғырттықтың салдары қайғылы жағдаймен аяқталуы мүмкін екендігін де қатаң ескертеді.

– Менингококк инфекциясы дегеніміз – мидың қабынуы. Бұл жұқпалы бактерия. Көбіне ауру қыстың аяғы мен көктемде және күзде өршиді. Иммунитеті төмен адамдар тез науқастанады. Биыл жаз кеш келгендіктен ауру мамыр мен маусым айында өрши түсуде. Менингококк жұқпасы адамға тек науқас адам немесе бактерия тасымалдаушы арқылы беріледі. Дерт ауру адаммен сөйлескенде, түшкіру немесе жөтел арқылы жұғады. Дегенмен, қостанайлықтарға босқа үркудің қажеті жоқ. Ең бастысы, әр адам жеке бас тазалығын сақтап, үй-жайларды жиі желдетіп, адам көп шоғырланған жерлерден аулақ болса болғаны, – дейді бөлім басшысы Г.Досымова.

Айта кетер жәйт, менингококк ауруының алдын алу үшін 1 жастан бастап үлкендерге дейін жекеменшік емханаларда екпе салдыруға болады. Бұл вакцина ұлттық тізімде жоқ, сондықтан да ақылы. Құны 22 500 теңге тұрады. Қостанайда бұл вакцинаға деген сұраныс айтарлықтай болмағанмен, сұраушылар да жоқ емес. Бірақ, департамент мамандары аталмыш вакцинаның біздің өңірде жоқ екендігін, ол тек Алматыда ғана жүзеге асырылатындығын айтады.

Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 9% деңгейіне дейін төмендетті

4 маусымда Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 9% деңгейіне дейін төмендету туралы шешім қабылдады. Өтімділікті беру және алу операциялары бойынша мөлшерлемелер тиісінше 10% және 8% деңгейіне дейін төмендетілді. Бұл жөнінде Алматы қаласында телевизиялық БАҚ үшін брифингте сөйлеген сөзінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев хабарлады.

Ол ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі базалық мөлшерлеме деңгейінен кейін 9%-ға дейін төмендегенін атап өтті.

Бұл шешім жылдық инфляция деңгейінің және халықтың инфляциялық күтулерінің одан әрі төмендеуіне, сондай-ақ мұнайдың әлемдік нарықтардағы қолайлы үрдістермен байланысты болды.

Жылдық инфляция мамырда нысаналы дәліз ішінде төмендеуін жалғастырды және 6,2%-ды құрады. Сәуірде Ресей рублінің ауытқулары және теңгенің номиналдық айырбастау бағамының әлсіреуі аясында 6,3%-ға дейін артуынан кейін мамырда бір жыл алға күтілетін инфляция 6,0%-ға дейін төмендеді. Күтілетін инфляция жылдың басынан бері инфляция деңгейінің төмендеуінен басып озып, 1,1 пайыздық тармаққа төмендеді.

«Базалық мөлшерлеменің жаңа деңгейі, біздің бағалауымызша, инфляцияның ағымдағы жылға арналған және келесі жылға арналған нысаналы дәліз ішінде сақталуына, сондай-ақ 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4% болатын орта мерзімді бағдарға қол жеткізуге ықпал ететін болады», – деді Д.Ақышев.

ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жастардың жарқын істері

Кенже ҚОНЫСБАЙ

Газетімізде Арқалық жастарының басын қосып, өнегелі істерімен үлгі көрсетіп жүрен "Жастар ресурстық орталығы" жайы жиі жазылып жүр. Мұндайда қазақ "жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын" дейді емес пе. Мәселен, Ы.Алтынсарин атындағы мемлекеттік педагогикалық институтының ұйымшыл студенттері өткен жылы "Жүректен – жүрекке" қайырымдылық концертін өткізіп, мүмкіндігі шектеулі 3 балаға мүгедек арбасын сыйлаған.

"Жастар ресурстық орталығы" "Қазақстан 2020: Болашаққа жол" мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасымен 2016 жылы қала әкімдігінің жанынан құрылған еді. Аталмыш ұйымның директоры – жас та болса іскерлігімен танылған Аманкелді Ахметжанов есімді азамат. Ол жерлес замандастарының өткен жылы аянбай еңбек еткенін айтып отыр.

Оның айтуынша, Қызылқозының ұйымшыл қыз-жігіттері 2017 жылы "Ардагерлерді ардақтайық!" патриоттық акциясын, "Мерейлі отбасы" қалалық сайысын, Қазақстан Республикасы рәміздері күніне орай "Менің елім – Қазақстан" атты патриоттық форумын, Универсиада ойындарындағы жерлес спортшыларды қолдау мақсатымен "Қысқа эстафета" жарысын, "Хелпер ВОХ" қайырымдылық акциясын, "Жастар Лайф" телевизиялық жобасын және жұмыссыз жастар арасында "Алға, Жастар!" танымдық-интеллектуалды ойындарын ұйымдастырған. Әлбетте, бұл шаралар биыл да жалғасын таппақ. Сонымен қатар, жастар саясатын қаржыландыру үшін жергілікті бюджеттен 11 млн 821 мың теңге бөлінсе, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстың жүзеге асырылуына 4 млн теңге қарастырылды. Бұған қоса, "Жасыл ел" бағдарламасы да сәтті жүзеге асып отыр. 2017 жылы аталған жоба аясында 1 млн 783 мың теңге игерілді. Ол бағдарламаға 45 студент уақытша жұмысқа орналастырылды. Биыл да бұл жұмыс өз жалғасын табады. Сонымен қатар, мемлекеттік "Серпін" бағдарламасы бойынша қаламызда 489 жас білім алып жатыр. Оның 440-ы педагогикалық, 49-ы техникалық мамандықта оқиды, – дейді Аманкелді Серікұлы.

– Негізінен 14-29 жас арасындағы азаматтар ел жастарының санын құрайды. Арқалық қаласы бойынша 12 мың 729 қыз-жігіт бар. Бұл қала тұрғындарының 29,9 пайызын қамтып отыр. Оның тоғыз мыңға жуығы қала жастары, ал қалған төрт мыңға таяуы ауыл жастары. Ал тағы да жіктер болсақ, студент жастардың саны – 3918, жұмысшы жастардың саны – 5461. Қазір қала бойынша жастардың 8 ұйымы жұмыс істеп тұр. Олардың бәрін "Жастар ресурстық орталығы" үнемі қолдап отырады. Өткен жылы азаматтық бастамаларды дамыту мақсатында "Жастар ресурстық орталығы" жанынан "Еріктілер мектебі" құрылып, 100-ге жуық ерікті тартылған.

Мұнда "Дипломмен – ауылға" бағдарламасының сәтті орындалып жатқаны көңіл қуантады. 2010 жылдан бері ауылға жұмыс істеуге және тұрақты тұруға келген жас маманға мемлекет тарапынан тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік несие ұсынылған. 2017 жылдың өзінде 3 азамат бір реттік жәрдемақы, 2 азамат баспана алуға несие алып, бағдарламаның шарапатын көріп отыр екен.

Арқалық жастары кәсіпкерлікке де бет бұрып келеді. Өткен жылы "Өнімді жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлік" бағдарламасы арқылы "Ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорынан" Камалия Велиева – 750 мың теңге, Саят Сүлекев – 1 млн 500 мың теңге, Дархан Ермағанбетов – 1 млн теңге алып, ірі қара ұстауға кіріскен. Сонымен қатар, Салтанат Сыздықова есімді бойжеткен үкіметтен 5 млн теңге алып, жылқы бордақылау алаңын салып жатыр. Міне, "Жас келсе, іске!" деп бел буған қыз-жігіттер ата кәсіпті өрістетпек.

Арқалық қаласының кәсіпкерлік бөлімінің мәліметінше, қаладағы жастар кәсіпкерлігінің 255 субъектісі тіркелген. Олар қоғамдық тамақтану, жүк тасымалы, мал шаруашылығы сияқты салаларда жұмыс істеп жатқан көрінеді.

– Қаламыздағы "Жұмыспен қамту орталығының" ақпаратына сүйенсек, 2017 жылы 388 жас азамат жұмысқа орналасқан. Оның 33-і техникалық жұмысқа, 18 адам ауылшаруашылығына, 58-і педагогикалық, 69-ы қызмет көрсету саласында жұмыс тапты. Ал "Бос жұмыс орындары жәрмеңкесінде" 10 адам тұрақты кәсіпке ие болды, – дейді Аманкелді Ахметжанов.

Қала әкімі Амантай Балғарин жастардың жайкүйіне бей-жай қарамайды. Шаһар басшысының қатысуымен жастар ісі жөніндегі кеңестің отырысы жиі өтіп тұрады. Әуелгі отырыста мектептен тыс үйірмелер, клубтар, жастар арасындағы спорттық деңгей және спорттық инфрақұрылым туралы, жастар кәсіпкерлігі, жас отбасылардың тұрғын үй мәселесі қаралыпты. Екінші отырыста жастар арасындағы жұмыссыздықты азайту бойынша атқарылған жұмыстар, нашақорлық пен суицидті болдырмау, құқық бұзушылықтың алдын алу, мемлекеттік жастар саясатының атқарылуы жайында есептер тыңдалған.

– Биылғы жыл да жаман басталған жоқ. Облыстық білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен "Үздік ерікті-2018" еріктілер байқауында жерлесіміз Ақбота Кәдірбек бастаған "Ақ ниет" командасы жүлдені жеңіп алды. Жеңімпаз облыстық білім басқармасының мадақтамасы мен қатысушы сертификатына және бағалы сыйлыққа ие болды. Бұл да бір атап өтерлік жетістік, – дейді А.Ахметжанов.

Жастардың қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, қоршаған ортаны қорғаудағы белсенділігі де аға буынды қуантады. Арқалықтың бозбала-бойжеткендерінің тынымсыз еңбегі өз жемісін беріп келеді. Жергілікті билік 2018 жылы жастар саясатына 9 млн 481 мың теңге, әлеуметтік тапсырыс аясында 3 млн 682 мың теңге бөлген. Бұл қомақты қаржыны осы жылы да аса маңызды шаралар өткізуге жұмсамақ.

Суреттер "Жастар ресурстық орталығының" архивінен алынды.

Бизнес дода дәстүрге айналмақ

1-бет

Бұдан бөлек, биыл кәсіпкерлік жоспар аталмыш ежелгі өнер түрін үйренем деушілерге арналған тегін оқу курстарын ашуды да қарастырады.

Ал бірінші орынды вибро білтектің көмегімен қоқыс блоктарын өндіруді ұсынған Әулиекөл ауыл шаруашылығы колледжінің экологиялық бағыттағы жобасы жеңіп алды. Жүлделі ІІ-ші орын Қостанай ауылшаруашылық колледжінің "Жүрекке жылы бұрыш" атты жобасына бұйырды. Бұл стартап колледж алаңында түрлі өсімдіктерге толы саябақ құруға бағытталған. Жоба аясында оқу орнының маңында бірқатар жұмыстар атқарылып та қойған. Мәселен, колледж аласында дендросаябақ бар. Жоба авторы келешекте оны Затобол кентіндегі жайлы демалыс аймағы және ғылыми зертхана ретінде қолдануды жоспарға алған. Байқаудың үшінші орыны әрі 40 000 теңге көлеміндегі ақшалай сыйлық Жітіқара политехникалық колледжіне, Қарасу ауылшаруашылығы колледжіне және Торғай агротехникалық колледжіне бұйырды.

Ұйымдастырушылардың сөзіне сүйенсек, бұл игі шара енді дәстүрге айналмақ. Себебі, коммерциялық құрылымдар мен білім беру ұйымдарының серіктестігін дамыту бүгінде елімізге өте қажет.

"Былтыр әлеуметтік идеялар жәрмеңкесінде Қостанай ауылшаруашылық колледжі жеңімпаз атанған болатын. Бұл салада біраз шыныққан соң, біз де осындай бастаманы қолға алуды жөн көрдік. Аймағымызда тұңғыш рет өткізіліп отырған бұндай шараны ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе. Сайыстың басты мақсаты – кәсіпкерлік қызметті дәріптеу, жастардың кәсіби біліктіліктерін жетілдіру. Байқаудың ерекшелігі – бизнес жобаларды студенттердің өздері жасауында. Жалпы жүлде қоры – 350 000 теңгені құрайды. Оның сексен мыңы бірінші орынға беріледі. Біз бұндай жобаларды алдағы уақытта да өткізуді жоспарлап отырмыз. Біздің ойымызша, келер жылы қатысушылар мен өтініштер саны көп болады. Себебі, мүдделі тараптар мен студенттердің әлеуеті өте жоғары", – дейді байқау ұйымдастырушыларының бірі Әлия Ахметжанқызы.

Суретті түсірген Берді-болат КӨРКЕМБАЕВ.

ЖИНАҚТАУ ДӘУІРІ:

Жеке зейнетақы шотыңызды не себепті қадағалап отыруыңыз керек?

Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің іске қосылғанына биыл 20 жыл толды. Осы уақыт аралығында ол көптеген өзгерістерге ұшырап, дамуын әлі де жалғастырып келеді. Сонымен қатар, салымшылардың өз жинақтарын ұлғайта түсудегі рөлі арта түсуде.

1990 жылдары тәуелсіз Қазақстанда нарықтық қарым-қатынас өз күшіне енген кезде, ескі – кеңестік зейнетақы жүйесі ыдырай бастаған болатын. Үрпақтар ынтымақтастығы қағидасына негізделген бұл жүйе өз дәуірінде нәтижелі, жемісті болды. Әйтсе де, жұмыссыздықтың белең алуына және тұрғындардың қартаюына байланысты бұл жүйе тиімсіз бола бастады.

ҚР статистика жөніндегі агенттігінің 1997 жылғы мәліметтері бойынша еліміздегі жұмыс істейтін адамдар мен зейнеткерлердің ара салмағы 1,5:1 болды. Ал, халықаралық тәжірибеге сүйенетін болсақ, 1 зейнеткерге кемінде жұмыс істейтін 4 адам сәйкес келген жағдайда ғана ынтымақтастық жүйе жақсы жұмыс істей алады.

Егер жағдай сол күйінде қалар болса, жүйе күйреуге ұшырайтын еді. Сол себепті, Қазақстан зейнетақы жүйесіне реформа жасауды ұйғарды. Және ТМД елдері арасында мұны бірінші болып жүзеге асырды. Реформа авторлары халықаралық тәжірибелерді мұқият зерттеп, құрамында жинақтаушы құрамдауышы бар аралас зейнетақы жүйесін таңдады. Осыған сәйкес 1997 жылы маусымда қабылданған «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы 1998 жылы 1 қаңтарда күшіне енді.

Алғашында жаңа зейнеткерлік жүйенің артықшылықтары айқын байқалмады, айлық жалақының зейнетақы қорына аударылатын 10% мөлшерін адамдар салық ретінде қабылдады. Олар бұл жарналардың жеке зейнетақы шоттарында жинақталатындығын, болашақ зейнетақының осы жинақтардың есебінен төленетіндігін анық түсіне алмады.

Зейнетақы қызметтері нарығында бірінші болып Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры (ГНПФ) пайда болды. Кейін біртіндеп жеке зейнетақы қорлары құрыла бастады және олар жинақтаушы зейнетақы жүйесінің дамуына маңызды үлес қосты. Мысалы, салымшылар қорды өздері таңдап, оны ауыстыруға немесе мүлдем таңдамауға құқылы болды. Бұл жағдайда зейнетақы жарналары автоматты түрде ГНПФ-қа түсетін.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары бәсекелестік ортада салымшыларға тиімді шарттар ұсынуға тырысты. Алайда олар негізінен зейнеткерлік активтерді барыншы табысты және тәуекелді қаржы құралдарына инвестициялады. Құнды қағаздарын жеке қорлар сатып алған компаниялардың бір бөлігі 2007-2010 жылдары Қазақстанның қаржы нарығындағы дағдарыс кезінде дефолтқа жол берді. Сонымен қатар, кейбір қорлар тарапынан үлестес тұлғалармен көпе-көрінеу шығынды мәмілелер жасалғандығы анықталды. Сондай-ақ, жеке қорлар зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды әрқалай есепке алатын. Бұл салымшылардың бір емес бірнеше шотының болуына әкеліп соқты.

Азаматтардың жинақтарын басқару тиімді әрі қауіпсіз болуы үшін 2013 жылы ГНПФ базасында Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры құрылды (БЖЗҚ). Жеке қорлардың активтері БЖЗҚ-ға берілгеннен кейін әкімшілік және операциялық шығындар қысқарды, сондай-ақ комиссиялық сыйақылардың мөлшері де екі есеге азайды.

Салымшылардың бірыңғай базасының құрылуы арқасында қате ашылған техникалық шоттардың саны қысқарды. Одан басқа, БЖЗҚ жеке қорлардан мұра болып қалған мұндай шоттардың санын азайту бойынша жұмыстарды белсенді жүргізіп келеді. Енді үлестес тұлғалармен көпе-көрінеу залалды мәмілелер жасасу тәуекелі жойылды. «БЖЗҚ» АҚ-тың зейнетақы активтерін Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен қаржы құралдары тізіміне сәйкес, ҚР Ұлттық банкі инвестициялайды.

Бұл ретте БЖЗҚ-ның құрылуы зейнетақы жүйесінің өзгеруіне әкеп соққан жоқ. Қазақстанның зейнетақы жүйесі бұрынғыдай үш деңгейден тұрады: ортақ және базалық зейнетақы, сондай-ақ жинақтаушы бөлік.

Бүгінде зейнеткерлерге мемлекеттік бюджеттен базалық және ортақ зейнетақы төленеді. Бірақ, бұл үнемі солай бола бермейді. 2040 жылдары 1998 жылға дейін еңбек өтілі болмаған адамдар зейнетке шыға бастайды. Демек, оларға ортақ зейнетақы төленбейді. Олар базалық зейнетақыны және өз жинақтары есебінен зейнетақы төлемдерін ғана алатын болады. 2018 жылдың 1 шілдесінен бастап базалық зейнетақыны тағайындауда 1998 жылға дейінгі еңбек өтілі мен жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі ескеріледі.

Зейнетақы жүйесінің барлық үш құрамдауыш бөлігін: егер 1998 жылға дейін еңбек өтіліңіз бар болса – ортақ зейнетақыны, базалық зейнетақыны және инвестициялық табыс қоса есептелген жеке жинақтарыңызды ескере отырып, болашақ зейнетақыңыздың болжамды мөлшерін enpf.kz сайтынан білуге болады.

Бұл есептеулер адамдарға дұрыс қорытынды шығаруға көмектеседі. Өйткені, болашақта жақсы зейнетақы алу үшін өзіңіздің зейнетақы шотыңыздағы жинақтарыңыздың мол болуына қазірден бастап мүдделі болуыңыз керек.

Жұмыс берушімен еңбек қарым-қатынасын дұрыс рәсімдеп, зейнетақы жарналарының Қорға тұрақты аударылып тұруын қадағалаудың маңызы өте зор. Бұдан өзге, Қорға ерікті зейнетақы жарналарын аударып тұрған жөн. Бұл болашақта алатын зейнетақының мөлшерін ұлғайтуға септігін тигізеді.

БЖЗҚ өз тарапынан ерікті зейнетақы жоспарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүдделі және әрбір салымшыға кәсіби кеңесші болуға дайын. Егер зейнетақыны жоспарлауға жауапты қарап, БЖЗҚ мамандарының білімі мен тәжірибесін пайдаланатын болсаңыз, болашақта алар зейнетақыңыздың мөлшері де қомақты бола түсері анық.

Көлікті тіркеу өзгерді

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Бұдан былай, көлік жүргізушілеріне бұрын тіркелген көлікті қайта тексертпеуге және медициналық тексерістен өтпеуге рұқсат беріледі. Елімізде көлік құралын тіркеу мен жүргізуші куәлігін алу ісі жеңілдеді. Бұл туралы Ішкі істер департаментінің жол полициясы басқармасының тіркеу және емтихан жұмыстары бөлімінің бастығының орынбасары Аслан Балғабаев айтты.

– Көлікті қайта тіркеу кезіндегі есепке қою, көлік құралын тіркеу туралы куәлікке өзгеріс енгізу және бұрын тіркелген көлікті қайта тексеру шарасы болмайды. Жүргізуші куәлігінің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін ауыстырып үлгергендер медициналық тексерістен өтпейді. Ал, жүргізуші куәлігіне алғаш рет ие болғандар мен осы құжаттың қолдану мерзімін өткізіп алғандар медициналық тексерістен өтуге міндетті, – дейді А.Балғабаев.

Айта кету керек, мемлекеттік нөмірлер тіркеу-емтихандық бөлімшелері мен арнайы мамандандырылған халыққа қызмет көрсету орталықтарында ғана сатылады. Мұнда көлік жүргізушісі қалаған мемлекеттік нөмір әп-сәтте табылмаса, оған тапсырыс беруге болады. Тапсырыс берілген мемлекеттік нөмір көлік иелерінің қолына Алматы, Астана қалаларында 5 күнде, өңірлерде 15 күнде тиеді. Мемлекеттік нөмір жоғалса, ұрланса немесе жарамсыз болып қалса да осы мерзім аралығында қалпына келтіріледі. Бұрын жүргізушілер 30 күн күтетін.

Көлік құралы елімізде бірінші рет тіркелсе, нөмірлік агрегаттардың есепке алу деректеріне сәйкестігін салыстыру үшін міндетті түрде тексеріледі. Бұл талап Қазақстандағы ресми дилерден сатып алынған көлік құралдарына ғана қолданылмайды. Яғни, елімізге шет мемлекеттерден, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен әкелінген темір тұлпарлар тексеруден өтпейінше есепке алынбайды. Сондай ақ, мемлекеттік тіркеу нөмірінің көшірмесін жасау үшін баж салығының жартысы, яғни 1,4 айлық есептік көрсеткіш алынады. Бұған дейін толық төлем, 2,8 АЕК талап етілетін.

ДЕРЕК

Қостанай облысындағы 2017 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы

Қостанай облысында халықтың жан басына шаққандағы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2017 жылы 419,5 мың теңгені құрады.

2017 жылғы ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 368099,4 млн теңге немесе 2016 жылға 104,7% құрды, өсімдік шаруашылығы өнімінің үлесі – 70,7% (260192,7 млн теңге), мал шаруашылығы – 29% (106688,4 млн. теңге)

Ауыл шаруашылығы өндірісінің ұлғаюы өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өндірісі көлемінің 6,2%-ға, одан майлы дақылдар – 21,4%, дәнді және бұршақ дақылдарының – 6,9%-ға, көкөністердің – 0,7% өсуі есебінен орын алды. Картоп 3,8 %-ға, азықтық және олардың тұқымдары 1,6%-ға кем өндірілді.

Мал шаруашылығында 2016 жылғы деңгеймен салыстыру бойынша өндірістің 1,4%-ға өсуі жылқыларды көбейту өнімінің өндірілуі көлемінің – 9,4%-ға, құс шаруашылығы өнімі көлемінің – 7,3%-ға, қой мен ешкі – 1,7%, ірі қара малдың сүтті тұқымдарын өсіру өнімі – 0,5%-ға артуымен байланысты. Бұл ретте, түйені көбейту өнімінің өндірілуі 18,7%-ға, шошқа –3,3%-ға кем.

«Мемлекеттік қызметкерлердің оң имиджін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу»

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлық мәселесі өте өткір болып келеді және ол тек оның жойылуына ғана емес, сонымен бірге сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін факторлардың пайда болуына жол бермеуге бағытталған әр саладағы дәйекті түрде жүзеге асырылатын шаралар кешенімен шешілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» бағдарламасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуді көздейді, ал сыбайлас жемқорлықпен күрестегі басты басымдық сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің түпкі себептерін анықтау және оларды азайту болып келеді. Барлық мемлекеттік органдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері және жалпы қоғам алдында қолданыстағы «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» Заңда осы міндет қойылған.

Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимыл Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының және Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың маңызды стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылады.

Мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты елдегі әлеуметтік, экономикалық және саяси тұрақтылықты нығайтуға мүмкіндік береді, қылмыстық көріністерден тұтастай алғанда азаматтар мен қоғамның құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау деңгейін арттырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қимылдың бұрынғы мемлекеттік бағдарламаларының нәтижелері, сыбайлас жемқорлықты одан әрі дамытуға кедергі келтіретін тиімді шараларды жасау бойынша барлық мемлекет пен қоғамның одан әрі жүйелі жұмыс істеу мақсаттылығын және қажеттілігін көрсетті.

Қостанай мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаментінде сенім телефоны бар, азаматтардың өтініштеріне арналған жәшігі бар. 2018 жылдың 5 айлары аралығында «сенім телефонына» қоңыраулар және пошта жәшігіне хаттар келіп түскен жоқ.

Мемлекеттік сатып алу процедураларының ашықтығын арттыру туралы – мемлекеттік сатып алу бойынша өтініштер Web -сайтқа заң талаптарына сәйкес жайғастырылады.

Департаменттің барлық қызметкерлері мен олардың жұбайлары Қостанай қаласының Мемлекеттік кіріс басқармасына 2017 жылға табыстары мен мүлкі туралы декларацияны белгіленген мерзімде ұсынды, департамент қызметкерлерінде заңмен көзделмеген табыс көздері жоқ.

Жоғары кәсіби мемлекеттік қызметті және мемлекетіміз алдында басқарудың тиімді құрылымды құру туралы істегі тапсырмаларды орындау, көбінесе мемлекеттік қызметкердің кәсібилігі ескертіледі.

Бұл мәселеде маңызды қадамдардың бірі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерінің оң имиджін қалыптастыру болып табылады.

Мемлекеттік қызметте имидждің функционалдық және мәртебелі маңызы бар. Бұл халықтың оған деген сенімінің деңгейінің көрсеткіші және мемлекет жүргізетін басқарушылық қызметтің тиімділігін бағалау критерийі болып келеді.

Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік қызметкерлердің оң имиджін қалыптастыру мемлекеттік органдардың және мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігін арттырудың алғышарты болып табылады.

Мемлекет мемлекеттік қызметкерлердің имиджін арттыру қажеттілігіне қатысты мәселелерге көңіл бөледі. Мемлекеттік қызметкерінің оң имиджін қалыптастыру атқарушы органның имидждік саясатымен өзара байланысты.

Мемлекеттік қызметкердің оң имиджінің негізгі ережелері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексінде айқындалған.

Департаменттің қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттік орган қызметінің тиімділігін арттырумен, департамент қызметінің нақты құқықтық реттеуін, осындай қызметтің заңдылығын және ашықтығын қамтамасыз етумен, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерді төмендетумен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты арттырумен үнемі жұмыс істейді.

Тастанбеков Ерболат Еркінұлы,
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Қостанай мемлекеттік мүлік және жекешелендіру департаменті» ММ, ұйымдастыру-кадр жұмысы және құқықтық қамтамасыз ету бөлімінің бас маманы.

Қостанай облысы Амангелді аудандық мәслихатының шешімі

28 сәуір 2018 жыл №208 Амангелді ауылы

Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 3-1 тармағына сәйкес, Амангелді ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламенті бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Нормативтік құқықтық акті 2018 жылғы 23 мамырда нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №7782 болып енгізілді.

Кезектен тыс сессия төрағасы Н.Уалиев.

Аудандық мәслихат хатшысы Қ.Кеделбаев.

"КЕЛІСІЛДІ"
Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің әкімі Б.Тулегенов.
2018 жылғы "28" сәуір

Мәслихаттың 2018 жылғы 28 сәуірдегі №208 шешімімен бекітілген

Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламенті

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламенті (бұдан әрі – Регламент) "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-3-бабы 3-1-тармағына, "Жергілікті қоғамдастық жиналысының үлгі регламентін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 7 тамыздағы № 295 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15630 тіркелген) бұйрығына сәйкес әзірленді.

2. Осы Регламентте қолданылатын негізгі ұғымдар:

1) жергілікті қоғамдастық – шекараларында жергілікті өзін-өзі басқару жүзеге асырылатын, оның органдары құрылатын және жұмыс істейтін тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс аумағында тұратын тұрғындардың (жергілікті қоғамдастық мүшелерінің) жиынтығы;

2) жергілікті қоғамдастық жиналысы (бұдан әрі – жиналыс) – жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге қатысуы;

3) жергілікті маңызы бар мәселелер – реттелуі Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес тиісті әкімшілік-аумақтық бөлініс тұрғындарының басым бөлігінің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге байланысты облыс, аудан, ауылдық округ қызметінің мәселелері;

4) жергілікті өзін-өзі басқару – халық тікелей жүзеге асыратын, сондай-ақ мәслихаттар және басқа да жергілікті өзін-өзі басқару органдары арқылы жүзеге асырылатын Заңда, өзге де нормативтік құқықтық актілерде айқындалған тәртіппен жергілікті маңызы бар мәселелерді өзінің жауапкершілігімен дербес шешуге бағытталған қызмет;

5) жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте және тәртіппен жергілікті маңызы бар ағымдағы мәселелерді шешуге жергілікті қоғамдастық жиыны жіберген жергілікті қоғамдастық өкілі.

3. Жиналыс регламентін аудан мәслихаты бекітеді.

2-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысына шақыруды жүргізу тәртібі

4. Жиналыс жергілікті маңызы бар ағымдағы мына мәселелер:

бағдарламалық құжаттардың, жергілікті қоғамдастықты дамыту бағдарламаларының жобаларын талқылау және қарау;

Амангелді ауылдық округі (бұдан әрі – ауылдық округі) бюджетінің жобасын және бюджеттің атқарылуы туралы есепті келісу;

ауылдық округ әкімі аппаратының ауылдық округтің коммуналдық меншігін (жергілікті өзін-өзі басқарудың коммуналдық меншігін) басқару жөніндегі шешімдерін келісу;

бюджетінің атқарылуын мониторингтеу мақсатында жиналысқа қатысушылар қатарынан жергілікті қоғамдастық комиссиясын құру;

ауылдық округ бюджетінің атқарылуына жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы есепті тыңдау және талқылау;

ауылдық округтің коммуналдық мүлкін иеліктен шығаруды келісу;

жергілікті қоғамдастықтың өзекті мәселелерін, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын талқылау;

ауылдық округ әкімін сайлауды өткізуге аудан мәслихатына одан әрі ұсыну үшін ауылдық округ әкімінің қызметіне аудан әкімі ұсынған кандидатураларды келісу;

ауылдық округтің әкімін лауазымынан босату туралы мәселеге бастамашылық жасау;

Амангелді ауданы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойынша ұсыныстар енгізу;

жергілікті қоғамдастықтың басқа да ағымдағы мәселелері бойынша өткізіледі.

5. Жиналысты ауылдық округ әкімі дербес не ол жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – жиналыс мүшелері) өкілеттік берген, жиналыс мүшелерінің кемінде он пайызының бастамасы бойынша, бірақ тоқсанына кемінде бір рет шақырылуы мүмкін.

Жиналыстың бастамашылары күн тәртібін көрсете отырып, әкімге ерікті нысанда жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Әкім үш жұмыс күні ішінде жазбаша өтінішті қарайды және шақырылымның орны мен уақытын көрсете отырып, жиналысты шақыру туралы шешім қабылдайды.

6. Жиналысқа шақыру уақыты, шақырылым орны және талқыланатын мәселелер туралы жиналыстың мүшелері жиналыс өткізілгенге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілдермен хабардар етіледі.

Әкім аппараты жиналыстың қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қажетті материалдарды жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жиналыстың мүшелеріне және әкімге жиналысқа шақырғанға дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей ұсынады.

7. Жиналысты шақыру алдында әкім аппараты жиналысқа қатысушы мүшелерді тіркеуді өткізеді, оның нәтижесін әкім немесе жиналысты шақыру басталғаннан бұрын ол уәкілеттік берген адам жариялайды және жиналыстың хаттамасына шақыруды өткізу орны мен уақытын көрсете отырып енгізеді.

Жиналысты шақыру оған жиналыс мүшелерінің кемінде жартысы қатысқан кезде өтті деп есептеледі.

8. Жиналысты шақыруды әкім немесе ол уәкілеттік берген адам ашады.

Жиналысты шақыруды жүргізу үшін ашық дауыс беру арқылы жиналыстың төрағасы мен хатшысы сайланады.

9. Жиналыстың күн тәртібін ауылдық округ әкімінің аппараты жиналыс мүшелері, тиісті аумақтың әкімі енгізген ұсыныстар негізінде қалыптастырады.

Күн тәртібіне өткен жиналыстарды шақыруда қабылданған шешімдер барысы және (немесе) орындалуы туралы мәселелер қосылады.

Жиналысты шақырудың күн тәртібі оны талқылау кезінде толықтырылуы және өзгертілуі мүмкін.

Жиналысты шақырудың күн тәртібін жиналыс бекітеді.

Күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша дауыс беру жеке өткізіледі. Егер оған жиналыс мүшелерінің көпшілігі дауыс берсе, мәселе күн тәртібіне енгізілді деп есептеледі.

10. Жиналысты шақыруға олардың мәселелері онда қаралатын аудан мәслихатының депутаттары, аудан әкімі аппаратының, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындардың, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың өкілдері шақырылуы мүмкін. Сондай-ақ жиналысты шақыруға бұқаралық ақпарат құралдары мен қоғамдық бірлестіктер өкілдері қатыса алады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген шақырылған адамдар жиналыстың мүшелері болып табылмайды және шешімдерді қабылдау кезінде дауыс беруге құқығы жоқ.

11. Жиналысты шақыруларда баяндамалар, қосымша баяндамалар, жарыссөзде сөйлеу үшін және жиналысқа шақыруды өткізу тәртібі бойынша сөз сөйлеу регламентін төраға айқындайды. Баяндамашылар мен қосымша баяндамашыларға сұрақтарға жауап беру үшін уақыт бөлінеді. Егер сөз сөйлеуші бөлінген уақыттан асып кетсе, жиналыс төрағасы оның сөзін тоқтатады немесе шақырылымға қатысып отырған жиналыс мүшелерінің көпшілігінің келісімімен сөз сөйлеу уақытын ұзартады.

Жиналыс мүшесі бір мәселе бойынша екі реттен артық сөйлей алмайды. Жарыссөздердегі жиналыс мүшелерінің сауалдары, түсіндіру және сұрақтарға жауап беру үшін сөйлеулері сөз сөйлеу деп есептелмейді. Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе ауызша түрде қойылады. Жазбаша сұрақтар жиналыс төрағасына беріледі және жиналыс шақырылымында жарияланады.

Жиналыс төрағасы өз бастамасы бойынша немесе жиналыс мүшелерінің дәлелді ұсыныстары бойынша үзілістер жариялай алады.

Жиналыстың соңында жиналыстың мүшелеріне қысқа мәлімдемелер немесе хабарламалар жасау үшін уақыт беріледі, олар бойынша жарыссөз болмайды.

3-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысының шешімдер қабылдау тәртібі

12. Жиналыс өзінің құзіреті шеңберінде шақырылымға қатысушы жиналыс мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Дауыстар тең болған жағдайда, жиналыстың төрағасы шешуші дауыс беру құқығын пайдаланады.

Жиналыстың шешімі хаттамамен рәсімделеді, онда:

1) жиналыстың өткізілген күні мен орны;

2) жиналыс мүшелерінің саны және тізімі;

3) өзге де қатысушылардың саны және олардың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда) көрсетілген тізім;

4) жиналыстың төрағасы мен хатшысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

5) күн тәртібі, сөйленген сөздердің қысқаша мазмұны және қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Хаттамаға жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды және екі жұмыс күні ішінде ауылдық округ әкіміне беріледі.

13. Жиналыста қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімі бес жұмыс күні мерзімінде қарайды.

Әкім жергілікті қоғамдастық жиналысының шешіміне келіспеушілігін білдіруге құқылы, осындай келіспеушілік тудырған мәселелер Регламентінің 2-тарауында көзделген тәртіпте қайта талқылау жолымен шешіледі.

Ауылдық округ әкімінің келіспеушілігін тудырған мәселелерді шешу мүмкін болмаған жағдайда, мәселені жоғары тұрған әкім аудан мәслихатының отырысында алдын ала талқылаудан соң шешеді.

14. Ауылдық округ әкімі аппараты ауылдық округ әкімінің жиналыс шешімдерін қарау нәтижелерін бес жұмыс күн ішінде жиналыстың мүшелеріне жеткізеді.

15. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдары, лауазымды адамдар өкілеттіктері шегінде жиналысты шақыруда қабылданған және ауылдық округ әкімі мақұлдаған шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді.

16. Жиналысты шақыруда қабылданған шешімдерді ауылдық округ әкімінің аппараты бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен таратады.

4-тарау. Жергілікті қоғамдастық жиналысы шешімдерінің орындалуын бақылау

17. Жиналыста жүйелі түрде жиналыстың шешімдерін орындауға жауапты адамдардың ақпараттары тыңдалады.

18. Шешімдерді орындамаған немесе сапасыз орындаған жағдайда, тиісті ақпарат хаттамаға енгізіледі, оны жиналыстың төрағасы аудан әкіміне немесе жиналыстың шешімін орындауға жауапты лауазымды адамның жоғары тұрған басшыларына жолдайды.

Қабылданған шешімдер қайта орындалмаған немесе сапасыз орындалған жағдайда, жиналыс аудан әкімі немесе тиісті лауазымды адамдардың жоғары тұрған басшылары алдында лауазымды адамдардың жауаптылығы туралы мәселеге бастамашылық жасайды.

Костанайская область

Решение Амангельдинского районного маслихата

№208 28 апреля 2018 год село Амангелді

Об утверждении Регламента собрания местного сообщества Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района

В соответствии с пунктом 3-1 статьи 39-3 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан", Амангельдинский районный маслихат **РЕШИЛ:**

1. Утвердить прилагаемый Регламент собрания местного сообщества Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №7782, 23 мая 2018 года

Председатель внеочередной сессии Н.Уалиев.

Секретарь районного маслихата К.Кеделбаев.

"СОГЛАСОВАНО"
Аким Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района
_____ Б.Тулегенов
"28" апреля 2018 года

Утвержден решением маслихата от "28" апреля 2018 года № 208

Регламент собрания местного сообщества Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района

Глава 1. Общие положения

1. Настоящий Регламент собрания местного сообщества Амангельдинского сельского округа Амангельдинского района (далее – Регламент) разработан в соответствии с пунктом 3-1 статьи 39-3 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года "О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан" (далее – Закон), приказом Министра национальной экономики Республики Казахстан от 7 августа 2017 года № 295 "Об утверждении Типового регламента собрания местного сообщества" (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 15630).

2. Основные понятия, которые используются в настоящем Регламенте:

1) местное сообщество – совокупность жителей (членов местного сообщества), проживающих на территории соответствующей административно-территориальной единицы, в границах которой осуществляется местное самоуправление, формируются и функционируют его органы;

2) собрание местного сообщества (далее – собрание) – участие представителей местного сообщества, делегированных сходом местного сообщества, в решении текущих вопросов местного значения в пределах и порядке, установленных законодательством Республики Казахстан;

3) вопросы местного значения – вопросы деятельности области, района, сельского округа, регулирование которых в соответствии с Законом и иными законодательными актами Республики Казахстан связано с обеспечением прав и законных интересов большинства жителей соответствующей административно-территориальной единицы;

4) местное самоуправление – деятельность, осуществляемая населением непосредственно, а также через маслихаты и другие органы местного самоуправления, направленная на самостоятельное решение вопросов местного значения под свою ответственность, в порядке, определяемом Законом, иными нормативными правовыми актами;

5) член собрания местного сообщества – представитель местного сообщества, делегированный сходом местного сообщества, в решении текущих вопросов местного значения в пределах и порядке, установленных законодательством Республики Казахстан.

3. Регламент собрания утверждается маслихатом района.

Глава 2. Порядок проведения созыва собрания местного сообщества

4. Собрание проводится по текущим вопросам местного значения:

обсуждение и рассмотрение проектов программных документов, программ развития местного сообщества;

согласование проекта бюджета Амангельдинского сельского округа (далее – сельский округ) и отчета об исполнении бюджета;

согласование решений аппарата акима сельского округа по управлению коммунальной собственностью сельского округа (коммунальной собственностью местного самоуправления);

образование комиссии местного сообщества из числа участников собрания в целях мониторинга исполнения бюджета;

заслушивание и обсуждение отчета о результатах проведенного мониторинга исполнения бюджета сельского округа;

согласование отчуждения коммунального имущества сельского округа;

обсуждение актуальных вопросов местного сообщества, проектов нормативных правовых актов, затрагивающих права и свободы граждан;

согласование представленных акимом Амангельдинского района кандидатур на должность акима сельского округа для дальнейшего внесения в маслихат района для проведения выборов акима сельского округа;

инициирование вопроса об освобождении от должности акима сельского округа;

внесение предложений по назначению руководителей государственных учреждений и организаций, финансируемых из местного бюджета Амангельдинского района;

другие текущие вопросы местного сообщества.

5. Собрание может созываться акимом сельского округа самостоятельно либо по инициативе не менее десяти процентов членов собрания, делегированных сходом местного сообщества (далее – члены собрания), но не реже одного раза в квартал.

Инициаторы собрания в произвольной форме письменно обращаются к акиму с указанием повестки дня.

Аким в течение трех рабочих дней рассматривает письменное обращение и принимает решение о созыве собрания с указанием места и времени созыва.

6. О времени, месте созыва собрания и обсуждаемых вопросах, члены собрания оповещаются не позднее, чем за десять календарных дней до дня его проведения через средства массовой информации или иными способами.

По вопросам, вносимым на рассмотрение собрания, аппарат акима не позднее, чем за пять календарных дней до созыва собрания представляет членам собрания и акиму необходимые материалы в письменном виде или в форме электронного документа.

7. Перед началом созыва собрания аппаратом акима проводится регистрация присутствующих членов собрания, ее результаты оглашаются акимом или уполномоченным им лицом перед началом созыва собрания и заносятся в протокол собрания с указанием места и времени проведения созыва.

Созыв собрания считается состоявшимся при участии в нем не менее половины членов собрания.

8. Созыв собрания открывается акимом или уполномоченным им лицом.

Для ведения созыва собрания открытым голосованием избираются председатель и секретарь собрания.

9. Повестка дня собрания формируется аппаратом акима сельского округа на основе предложений, вносимых членами собрания, акимом соответствующей территории.

В повестку дня включаются вопросы о ходе и (или) исполнения решений, принятых на предыдущих созывах собрании.

Повестка дня созыва собрания может быть дополнена и изменена при ее обсуждении.

Повестка дня созыва собрания утверждается собранием.

Голосование по каждому вопросу повестки дня проводится раздельно. Вопрос считается внесенным в повестку дня, если за него проголосовало большинство присутствующих членов собрания.

10. На созыв собрания могут приглашаться депутаты маслихата района, представители аппарата акима района, государственных учреждений и предприятий, а также физических и юридических лиц, вопросы которых рассматриваются на созыве собрания. Также на созыве собрания могут присутствовать представители средств массовой информации и общественных объединений.

Приглашенные лица, указанные в части первой настоящего пункта, не являются членами собрания и не участвуют в голосовании при принятии решений.

11. Регламент выступлений на созывах собраний для докладов, содокладов, выступлений в прениях и по порядку ведения созыва собрания определяется председателем. Докладчикам и содокладчикам отводится время для ответов на вопросы. В случае если выступающий превысил отведенное время, председатель собрания прерывает его выступление или с согласия большинства присутствующих на созыве членов собрания продлевает время для выступления.

Член собрания может выступить по одному и тому же вопросу не более двух раз. Не считаются выступлениями в прениях обращения членов собрания, выступления для дачи пояснений и ответов на вопросы. Вопросы докладчикам задаются в письменном или устном виде. Письменные вопросы предоставляются председателю собрания и оглашаются на созыве собрании.

Председатель собрания может объявлять перерывы по собственной инициативе или по мотивированному предложению членов собрания.

В конце собрания отводится время для выступления членов собрания с краткими заявлениями и сообщениями, прения по которым не открываются.

Глава 3. Порядок принятия решений собранием местного сообщества

12. Собрание в рамках своих полномочий принимает решения большинством голосов присутствующих на созыве членов собрания.

В случае равенства голосов председатель собрания пользуется правом решающего голоса.

Решение собрания оформляется протоколом, в котором указываются:

1) дата и место проведения собрания;

2) количество и список членов собрания;

3) количество и список иных присутствующих с указанием фамилии, имени, отчества (при его наличии);

4) фамилия, имя, отчество (при его наличии) председателя и секретаря собрания;

5) повестка дня, краткое содержание выступлений и принятые решения.

Протокол подписывается председателем и секретарем собрания и в течение двух рабочих дней передается акиму сельского округа.

13. Решения, принятые собранием, рассматриваются акимом сельского округа в срок пяти рабочих дней.

Аким вправе выразить несогласие с решением собрания местного сообщества, которое разрешается путем повторного обсуждения вопросов, вызвавших такое несогласие в порядке, предусмотренном Главой 2 Регламента.

В случае невозможности разрешения вопросов, вызвавших несогласие акима сельского округа, вопрос разрешается вышестоящим акимом после его предварительного обсуждения на заседании маслихата района.

14. Результаты рассмотрения акимом сельского округа решений собрания доводятся аппаратом акима сельского округа до членов собрания в течение пяти рабочих дней.

15. Органы местного государственного управления и самоуправления, должностные лица в пределах полномочий обеспечивают исполнение решений, принятых на созыве собрания и одобренных акимом сельского округа.

16. Решения, принятые на созыве собрания, распространяются аппаратом акима сельского округа через средства массовой информации или иными способами.

Глава 4. Контроль за исполнением решений собрания местного сообщества

17. На собрании регулярно заслушиваются информации лиц ответственных за исполнение решений собрания.

18. В случае неисполнения или некачественного исполнения решений, соответствующая информация вносится в протокол, который председателем собрания направляется акиму района или вышестоящим руководителям должностных лиц ответственных за исполнение решений собрания.

В случае повторного неисполнения или некачественного исполнения принятых решений, собрание инициирует вопрос об ответственности должностных лиц перед акимом района или вышестоящим руководством соответствующих должностных лиц.

Жазаның жаңа түрі

12 жасқа толмаған балаларын үйде қараусыз қалдырған ата-аналарды жазалау қажет. Мұндай ұсынысты Мәжілісте Қазақстанның Бала құқықтары жөніндегі уәкілі ретінде атқарған жұмысы жайында баяндаған Зағипа Балиева айтты, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

"Қазіргі уақытта жұмыс тобы ата-аналардың 12 жасқа толмаған балаларын қараусыз қалдыруға құқығы болмайтындығын көздейтін норма әзірлеп жатыр. Егер ол 12 жасқа толмаса тіпті үйде де жалғыз қала алмайды", – деді ол.

Осы ретте Зағипа Балиева іс жүзінде жоқ қамқоршы органды күшейтуді ұсынды. Оның айтуынша, қамқоршы органы деп аталғанымен ол білім беру департаментіндегі бір адам ғана. Оған сол қамқоршы қызметі жүктелген. Сонымен қатар, балалар омбудсмені елімізде балаларға көрсетілетін зорлық-зомбылыққа заңмен тыйым салу қажеттігін баса айтты.

"Балаларымызды қорғайтын бірде-бір заңымызда зорлық-зомбылыққа тыйым жоқ екенін ойланыңыздар. Баланы өлтіргені, соққыға жыққаны үшін ғана қылмыстық жауапкершілікті көздейтін бап қана бар. Біз әзірлеп жатқан заңнамада кемсітушілік дегеніміз не, зорлық-зомбылықты шектеу, ата-ана жауапкершілігін көтеру сынды мәселелер болады", – деді Зағипа Балиева.

12 млн теңге айыппұл төлеуі мүмкін

Бұған дейін WhatsApp әлеуметтік желісінде "Арқалық қаласының маңындағы ауылда қытайлар бейіттерді қиратып жатыр" деген жалған ақпарат тараған болатын. Полиция бұл қауесетті таратқан Арқалық қаласының тұрғыны 33 жастағы әйел адам екенін анықтады.

Келіншек желіде Арқалықтың Ашутасты ауылында "қытайлар бейіттерді қиратып жатыр" деген хабарлама келгенін айтады. Кейін ол ақпаратты сақтап, WhatsApp желісі арқылы таратқан.

"33 жастағы Арқалық тұрғынына қатысты ҚР ҚК-нің 274-бабы 2-бөлігінің 3 тармағы (телекоммуникация желілері арқылы көрінеу жалған ақпарат тарату) бойынша сотқа дейін тергеу амалдары басталды", – делінген баспасөз хабарламасында.

Аталмыш бап бойынша бес мың айлық көрсеткіш түрінде айыппұл (12 млн теңге) немесе дәл сол көлемдегі түзеу жұмыстары немесе екі жылдан бес жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе дәл осындай уақытқа бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылады.

Сондай-ақ, тәртіп сақшылары өңір тұрғындарына күмәнді және дәлелденбеген ақпаратты таратпауға кеңес берді. Басылымда айтылғандай, Ашутасты ауылындағы зират қиратылған. Бұны мектеп оқушыларының жасағаны анықталды.

Оқыс оқиғадан қаза тапты

Лисаков қаласында кішкене 6 жасар бала темір есіктің астында қалып, қаза болды, деп хабарлайды облыстық ТЖД баспасөз қызметі.

Ведомствода мәлім етілгендей, оқиға Лисаков қаласындағы көпқабатты үйлердің бірінде болған.

"Жиһаздарды далаға шығарып жатқан уақытта үйдің темір есігі абайсызда құлап кеткен. Есіктің астында 2012 жылы туған бала қалып қойған. Ол бірден қалалық ауруханағы жеткізілді. Жарақат салдарынан бала ауруханада көз жұмды", – делінген ТЖД баспасөз қызметі таратқан хабарламада.

Бала құқығын қорғауға арналды

Бала еңбегін қолдану дерегі көбіне тұрғындардың бұл мәселе жайында хабары болмауымен, ауыр еңбектің баланың дамуына тигізер қатерін білмеуімен сипатталады. Қазақстан Республикасының заңдарында бала еңбегіне тиісті шектеулер қойылған. Қазіргі таңда миллиондаған бала жұмыс істеп жүр, бұл олардың дамуына және білім алуына кедергі жасайды. Сондай-ақ, олардың өмірлеріне, денсаулықтарына зиян келтіреді. Осыған байланысты жыл сайын елімізде маусым айының 1-і мен 12-сі аралығында "Бала еңбегін пайдалануға қарсы 12 күн" ақпараттық науқаны өткізілуде. Аталмыш 12 күндік шара біздің ауылымызда да жалғасын тапты. Науқанның алғашқы күні А.Қоңқабаев атындағы орта мектебінде "Балалар – біздің болашағымыз" тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Бұл шараға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, психологтар мен оқушылар қатысты. Аталмыш шарада әлеуметтік педагог Ә.Құттыбай бала еңбегін қанау деректерін болдырмау мақсатында жүргізіліп жатқан шаралар туралы айтып өтті.

Келесі күні 5-7 сыныптар арасында тәлімгер Г.Іскендір "Бақытты балалық шақ" тақырыбында фотосуреттер көрмесін өткізді. Ал ұйымдастырушы педагог А.Сатаева оқушыларға "Отбасы – бақыт мекенім" тақырыбында бейнероликтер көрсетті. Қатысушылар көтерілген осы тақырыпқа орай балалар еңбегінің кейбір мәселелері туралы пікір алмасты. Тындаушылар кәмелетке толмағандарды жұмысқа қабылдаған кезде заңнамалардың бұзылу деректері туралы түрлі мәліметтер алды. "Оқушылар арасында балалар еңбегінің алдын-алу" бағытында атқарылған жұмыстар туралы баяндамалар тыңдалып, педагогтарға бала құқықтарын қорғау мәселесі бойынша қажетті консультациялық кеңестер берілді.

Шара соңында ұсыныстар қабылданып, қатысушылар екі күндік шарадан алған әсерлерімен бөлісті.

Тасқын ҚҰРМАНҒАЛИ,
А.Қоңқабаев атындағы орта мектептің оқушысы.
Жанкелдин ауданы.

"Татомиров Павел Петрович" шаруа қожалығының басшысы Татомиров Павел Петровичтің сенімді тұлғасы А.М. Кудербекова кепілдік мүлікті соттан тыс өткізу тәртібімен Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешин селолық округі аумағында орналасқан, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, кадастрлік нөмірі 12-185-026-304, өлшемі 40,3 га бөлінетін жер теліміне 05.05.2053 жылға дейінгі мерзімге уақытша өтеулі ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сатып алу бағасы сауда өткізілген сәттен бастап 5 күнтізбелік күн ішінде енгізіледі.

Сауда 2018 жылғы 25 маусымда сағат 10.00-де мына мекенжайда болады: Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Алешин селосы, Центральная көшесі, н/ж МТМ.

Өтінімдер жұмыс күндері 2018 жылғы 22 маусым сағ. 17.00-ге дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Тәуелсіздік көш., 46/1, тел. 87015999394.

Доверенное лицо Главы крестьянского хозяйства "Татомиров Павел Петрович" Татомирова Павла Петровича Кудербекова А.М. в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного долгосрочного землепользования сроком до 05.05.2053 года на делимый земельный участок с кадастровым номером 12-185-026-304, площадью 40,3 га, с целевым назначением для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Алешинского сельского округа, Мендыкаринского района, Костанайской области.

Покупная цена вносится наличными денежными средствами в течение 5 календарных дней после проведения торгов.

Торги состоятся 25 июня 2018 года в 10.00 по адресу: Костанайская область, Мендыкаринский район, село Алешинка, улица Центральная, б/н МТМ.

Заявки принимаются в рабочие дни в срок до 17 часов 22 июня 2018 года по месту нахождения доверенного лица: Костанайская область, город Костанай, ул.Тәуелсіздік, 46/1, т.87015999394.

Оспанов Қайрат Серікбаевич мүлікті өткізу жөнінде сауда өткізілетіні туралы хабарлайды

Саудаға шығарылатын мүлік: бөлінетін жер теліміне 10.03.2050 ж. дейінгі мерзімге уақытша ұзақ мерзімді жер пайдалану құқығы, жалпы алаңы – 556,0 га, кадастрлік нөмірі 12-183-097-073, мақсаттық нысаны – шаруа қожалығын жүргізуге арналған, орналасқан мекенжайы: Қостанай обл., Қостанай ауд., Половников селолық округі.

Бастапқы баға: 2 400 000 (екі миллион төрт жүз мың) теңге;

Кепілдік жарна: қарастырылмаған;

Лот қадамы: 120 000(жүз жиырма мың) теңге;

Сенімді тұлға: Бердібеков Марат Саркенович, мекенжайы: Қостанай қ., 1 май көш., 161/5. Тел.8 705 170 9665.

Сауданың өткізілетін орны: ҚР, Қостанай обл., Қостанай ауд., Половников селолық округі, Жақсылық к.

Сауданың өтетін күні мен уақыты: 18 маусым 2018 жыл сағ. 11.00.

Сауданы өткізу әдісі: ағылшын (бағаны өсіру шартымен).

Сатып алу бағасын төлеу тәртібі мен мерзімі: жеңімпаз мүлікті сатып алу үшін сатып алу бағасын сауда өткен күннен кейінгі үш жұмыс күні ішінде төлейді.

Сенімді тұлғаның орналасқан жері мен байланыс телефоны: Бердібеков Марат Саркенович, мекенжайы: Қостанай қ., 1 май көш., 161/5. Тел. 8 705 170 9665.

Оспанов Кайрат Серикбаевич сообщает о проведении торгов по реализации имущества

Имущество выносимое на торги: Право временного долгосрочного землепользования на делимый земельный участок сроком до 10.03.2050 г., общей площадью – 556,0 га, кадастровый номер 12-183-097-073, целевое назначение – для ведения крестьянского хозяйства, находящийся по адресу: Костанайская обл., Костанайский р-н, Половниковский сельский округ.

Стартовая цена: 2 400 000 (два миллиона четыреста тысяч) тенге;

Гарантийный взнос: не предусмотрен;

Шаг по лоту: 120 000 (сто двадцать тысяч) тенге;

Доверенное лицо: Бердибеков Марат Саркенович, адрес: г. Костанай, ул. 1 мая, дом 161/5. Тел.8 705 170 9665.

Место проведения торгов: РК, Костанайская обл., Костанайский р-н, Половниковский сельский округ, пос. Жақсылық.

Дата и время проведения торгов: 18 июня 2018 года в 11.00 час.

Метод проведения торгов: английский (на условиях повышения стартовой цены).

Порядок и сроки оплаты покупной цены: победитель для приобретения имущества оплачивает покупную цену в течение трех рабочих дней со дня проведения торгов.

Местонахождение и контактный телефон доверенного лица: Бердибеков Марат Саркенович, адрес: г. Костанай, ул. 1 мая, дом 161/5. Тел. 8 705 170 9665.

Жарнама

54-73-36, 54-33-22, 54-99-69

"Жургумбаев Ж.Т." шаруа қожалығының сенімді тұлғасы – Кравченко Роман Николаевич кепілдік мүлікті сот қарауынан тыс өткізу тәртібінде Қостанай ауданы, Глазунов селолық округі аумағында орналасқан шаруа қожалығын жүргізуге арналған алаңы 249,0 га, кадастрлік нөмірі 12-183-100-004, жер учаскесіне 02.04.2050 жылға дейінгі уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын сату жөнінен сауда өткізілетіні туралы хабарлайды.

Сауда 2018 жылғы 16 маусым 11.00 сағатта мына мекенжайда болады: Қостанай ауданы, Глазуновка с.

Өтінімдер 2018 жылғы 15 маусымға дейінгі мерзімде сенімді тұлғаның орналасқан жерінде қабылданады: Қостанай қ., Алтынсарин к-сі, 106, 87 пәтер., тел. 8-705-311-10-05.

Доверенное лицо крестьянского хозяйства "Жургумбаев Ж.Т." – Кравченко Роман Николаевич в порядке внесудебной реализации залогового имущества объявляет о проведении торгов по продаже права временного возмездного землепользования до 02.04.2050г.на земельный участок площадью 249,0 га с кадастровым №12-183-100-004, для ведения крестьянского хозяйства, расположенный на территории Глазуновского сельского округа, Костанайского района.

Торги состоятся 16 июня 2018 года в 11.00 часов по адресу: Костанайский район, с. Глазуновка.

Заявки принимаются в срок до 15 июня 2018 года по месту нахождения доверенного лица: г.Костанай, ул.Алтынсарина, 106, кв. 87, тел. 8-705-311-10-05.

САЛАУАТТЫ ҰЛТ

Алаңда – ақ халаттылар

Қарлығаш ОСПАНОВА

Облыстық салауатты өмір салтын қалыптастыру орталығының ұйымдастыруымен қаламыздағы №16 орта мектебінің базасында медицина қызметкерлері арасында «Салауатты дәрігер – салауатты пациент!» тақырыбында аймақтық спартакиада өтті.

Ұйымдастырушылар шараның өткізілу мақсаты – медицина қызметкерлерінің спортқа ынта-ықыласын арттыру, олардың негізгі кәсіби жұмысымен қатар спортты да қатар алып жүретінін таныту екендігін жеткізді. Сайыста қалалық және аудандық ауруханалардан қатысқан дәрігерлер 800 және 1000 метрлік қашықтыққа жүгіру, қол күресі, арқан тартыс, эстафеталық жарыс, яғни бес кезең бойынша сынға түсті.

Жоғары деңгейде өткен жарыс қорытындысы бойынша әйелдер арасындағы жүгірістен 1-ші орынды Таран аудандық ауруханасы, екінші орынды Жітіқара аудандық ауруханасы, ал үшінші орынды қаламыздағы №1 емхана ұжымы иеленді. Сондай-ақ, ерлер арасындағы жүгірістен Жанкелдин, Қарасу, Меңдіқара аудандарының ауруханалары биіктен көрінсе, қол тірестен жүлделі орындар Қарасу, Федоров аудандары мен Рудный қаласының дәрігерлеріне бұйырды. Ең қызықты әрі тартысты өткен сайыс – арқан тартудан бірінші орынды тағы да қарасулықтар еншілесе, ал екінші және үшінші орынды Қостанай мен Алтынсарин аудандарының командалары қанжығасына байлады.

Барлық жеңімпаз командаларға диплом мен арнайы кубоктар табысталды.

Балалар – біздің болашағымыз

Науырзым мемлекеттік табиғи қорығының орталық мұражайында мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап «Балғын балалар – біздің болашағымыз» атты ертеңгілік іс-шара өтті. Науырзым ауданының әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Гауһар Асанова балаларды мерекесімен құттықтап, жылы лебізін білдірді. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге би билеп, ойын ойнап, жайылған ақ дастарқаннан дәм татып, шаттанып, мәз-мәйрам болды. Содан кейі, Науырзым мемлекеттік табиғи қорығының орталық мұражайының қызметкері Жадыра Аманбаева балғын қонақтарға мұражай ішін аралатып, қызықты мәліметтермен бөлісті. Іс-шара соңында балалар естелік суретке түсті.

Жібек НҰРСЕЙІТОВА,
«Ақ Ниет» мүгедек балалар қоғамы, жастар қоғамдық бірлестігінің төрайымы.

ТУҒАН ЖЕР

Рамазан айы Алла Тағаланың ең жақсы көретін айы. Бұл ораза ұстаумен бірге құлшылық жасайтын, қайырымды, қамқор болатын кез.

Осы орайда, Мәскелеу ауылын басқарып отырған Зейнолла Абайұлының қайырымды істерін атап өткен жөн деп санаймын. Әр саладағы қайырымдылық істерін былай қойғанда дін саласында, мұсылманшылық саласындағы игі бастамасы да баршылық. Ауылда ақ сақалды қариялар, ақ жаулықты асыл әжелер, өсіп келе жатқан болашақ ұрпақтарымыз бар. Аллаға құлшылық жасайтын жер керек деп, мешіт салуды қолға алды. Осы мақсатпен 2000 жылы мешіт үйін дайындатып, керек-жарағын алып беріп, оқыған, діни сауатты, инабатты имам іздестірді. Ақыры Торғай медресесін бітірген, дін, салт-дәстүр саласын жетік білетін Ораз Қонысбайұлы деген жігітті имам етіп орналастырды. Үй беріп, еңбек ақысын төлеп, бар жағдайын жасап берді.

Содан бері Алланың үйінде көпшілікке уағыз айтылып, елді имандылық жолына бастап келеді. Биылғы қасиетті Рамазан айы басталарда халықты мешітке жинап, Рамазан айы, ораза ұстау, тарауық намазына қатысу туралы уағыз айтып түсіндіріліді. Ауылда 17 адам ораза ұстап, 15 адам тұрақты түрде тарауық намазына қатысады. Оның сыртында Құранды үйреніп жүрген шәкірттер де бар. Солардың ішінде Рахат Ибраев пен Талғат Құрманғалиев Құран кәрімнің 18 сүресін жатқа оқиды.

Ораза ұстап, тарауық намазына қатысатындардың ішінде «Мәскелеу-Қостанай» бағытында машинасымен жолаушылар таситын жүргізуші Айбар Сафиев деген жігіт те бар. Менің осы мақаланы жазуыма себепші болған осы жігіттің қайырымдылық істері еді. Берекелі жанұясы, Айдос деген ұлы бар. Өз табысы өздеріне жетерлік. Оның жолаушыларға деген қамқорлығы ерекше. Жолаушылар жолға шығып тұрмайды. Көлік күту, әсіресе, қыстың қақаған аязында қандай қиын екенін жол жүретін әр адам жақсы біледі. Ал Айбар болса, тапсырыс берген әр адамды таңертең ерте әрқайсысын үйлерінен мінгізіп алып, сағат жетіде Қостанайға жүріп кетеді. Жолда Қаймаққөл ауылына соғуды да ұмытпайды.

Осы Айбар бауырымның қасиетті Рамазан айында ораза ұстағандарға, тарауық намазына қатысушыларға жасап жүрген қамқорлығын ерекше айтпақпын. Өзі ораза ұстап, тарауық намазына қатыса жүріп, ораза ұстаушыларды ауыз аштыратын үйге жинап алып барып, ауыз ашып, ақшам намазын оқып, тамақтанып болған соң мешітке тарауыққа алып барады. Тарауық біткен соң әрқайсысын үйді-үйіне жеткізіп салады. Айбар болмаса, түнгі сағат бірде, қараңғыда үйге жету де оңай болмас еді. Ораза ұстап, тарауық намазына қатысып жүрген жамағаттың Айбарға алғыстары шексіз. Айбар бауырымның осы қасиетті де қайырымды істерін көпшілікке паш етіп, өзі сияқты әріптестеріне үлгі ете білгеніміз жөн. Ұстаған оразаларыңыз қабыл, ниетіміз дұрыс болсын, ағайын!

Көккенәки ӘБДІЛДАҰЛЫ,
қарт ұстаз,
еңбек ардагері.
Мәскелеу ауылы.

Меншік иесі:
“Қостанай таңы” газеті редакциясы” ЖШС

Директор-Бас редактор
ЖАНҰЗАҚ АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69.
Директор-бас редактордың орынбасары: 54-84-44.
Жауапты хатшы: 54-67-65.
Бөлім редакторлары: 54-79-68, 54-28-42.

Бөлімдер:
Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-68.
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-28-42.
Социологиялық зерттеу орталығы: 54-53-21,39-26-25.
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88, 54-33-22.

Бухгалтерия: 54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы: 54-54-45
Корректура: 54-34-49

Меншікті тілшілер:
Арқалықта: 7-55-91
Рудныйда: 8-714-31-2-72-56
Амангелдіде: 2-17-40
Жанкелдинде: 2-10-75, 5-00-02
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. “Қостанай таңында” жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Редакция авторлар мақаласының мазмұнына жауап бермейді.
Ⓐ – ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады.
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 28.04.2016 жылы тіркеліп, № 15979-Г куәлігі берілген.
Газет “Қостанай таңының” компьютер орталығында терілип, беттелді. Офсеттік басылым. “Қостанайполиграфия” ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: С.Мәуленов көшесі, 16.
Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10016. Тапсырыс 1013. Нөмірдің кезекші редакторы Қ.ДОСЖАНОВА.